



Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 сәуірдегі N 402 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі № 463-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.07.20 № 463-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қ о л д а н у ш ы л а р н а з а р ы н а !

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы заңға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін (бұдан әрі - мұнай өнімдері): бензинді (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны мен мазутты өндіру және олардың айналымы процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомобильдерге жанармай құю станциясы - мұнай өнімдерін сақтауды және бөлшек саудамен өткізуді қамтамасыз ететін жабдықпен жарақтандырылған т е х н о л о г и я л ы қ к е ш е н ;

2) біртұтас деректер базасы - мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың ақпараты негізінде қалыптастырылатын мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы жөніндегі электрондық деректер б а з а с ы ;

3) компаундирлеу - белгіленген сападағы мұнай өнімін алу мақсатында екі немесе бірнеше компонентті араластыру;

4) кондициялық емес мұнай өнімі - Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін мұнай ө н і м і ;

5) мұнай беруші - өз шикі мұнайын және (немесе) газ конденсатын өңдеуге беретін мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымы және (немесе) басқа да заңды

т ұ л ғ а л а р ;

б) мұнай өнімдері базасы - мұнай өнімдерін сақтауға және өткізуге арналған
т а у а р қ о й м а с ы ;

7) мұнай өнімдерін бөлшек саудамен өткізу - мұнай өнімдерін жеке және заңды тұлғаларға одан әрі қайта сату мақсатынсыз өткізу (жөнелту);

8) мұнай өнімдерін көтерме саудамен өткізу - мұнай өндірушілердің, берушілердің, сондай-ақ мұнай өнімдері базаларынан өткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мұнай өнімдерін одан әрі қайта сату мақсатында өткізуі (жөнелтуі);

9) мұнай өнімдерін өндіру - Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін алуды қамтамасыз ететін шикі мұнай және (немесе) газ конденсатын өңдеу жөніндегі, сондай-ақ компаундирлеу жөніндегі жұмыстар (операциялар) кешені;

10) мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемі - мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымдары мен басқа да шикізат көздерінің шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын берудің уәкілетті орган бекіткен көлеміне сәйкес мұнай өнімдерін өндіруші күнтізбелік жыл ішінде ай сайын одан кемітпей өндіруге міндетті мұнай өнімдерінің көлемі;

11) мұнай өнімдерін өндіруші - мұнай өнімдерін өндіруге лицензиясы бар және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оларды өткізуді жүзеге асыратын мұнай және (немесе) газ өңдеу ұйымы;

12) мұнай өнімдерінің айналымы - мұнай өнімдерін сатып алу, сақтау, өткізу, тасымалдау, экспорттау және импорттау;

13) өндіріс паспорты - мұнай өнімдерін өндірушінің өндірістік қуаттарының көрсеткіштерін, оның негізгі сипаттамаларын көрсететін, өндірістің технологиялық процесінің сақталуы үшін қолда бар жабдықтың пайдаланылуын регламенттейтін белгіленген нысандағы құжат;

14) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін, осы Заңмен белгіленген құзыреті шегінде мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

15) ілеспе жүкқұжат - жөнелтушіден алушыға дейінгі бүкіл жүру жолында мұнай өнімдерінің қозғалысын бақылауға арналған, мұнай өнімдерін босату және қабылдау жөніндегі операцияларды ресімдеуге қажетті бірегейлендірілген құжат.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.06 N 209 Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдары Қазақстан Республикасының

Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу

1. Мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі мен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Өзге мемлекеттік органдар мұнай өнімдерін өндірудің және (немесе) олардың айналымының жекелеген мәселелерін осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген өз құзыреті шегінде р е т т е у г е қ ұ қ ы л ы .

2. Мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу:

1) мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялауды;

1-1) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы т е х н и к а л ы қ р е т т е у д і ;

2) шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты көлемінің мұнай өнімдерін өндірудің уәкілетті орган бекіткен ең төменгі көлемін белгілеуді;

3) мұнай өнімдерінің айналымын бақылауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің, ол белгілейтін уәкілетті және өзге де мемлекеттік органдардың құзыретіне сәйкес, сондай-ақ мұнай өнімдерін өндірудің және олардың айналымының біртұтас деректер базасы арқылы мониторинг, ілеспе жүкқұжатты енгізу және декларациялау тәртібін белгілеу арқылы жүзеге асыруды;

4) мұнай өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды қамтиды.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.06 N 209 Заңдарымен.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласында нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес мұнай өнімдерін Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге шектеу қою мен тыйым салуды белгілейді;

4) мұнай өнімдерін өндіруді лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н д ы б е л г і л е й д і ;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес шикі мұнайды және (

немесе) газ конденсатын Қазақстан Республикасының ішкі рыногына беруді реттеуді жүзеге асырады;

6) мұнай өнімдерін өндіруді лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекітеді;

7) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді беру нысанын, тәртібі мен мерзімдерін белгілейді;

8) алынып тасталды

9) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.06 N 209 Заңдарымен.

5-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу саласында өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілер шығарады;

2) мұнай өнімдерін өндірушілер, мұнай берушілер мен мұнай өнімдері базаларынан өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар қызметінің мониторингін жүзеге асырады;

3) мұнай өнімдерін өндірудің және олардың айналымының балансын жасай отырып, біртұтас деректер базасын жүргізуді жүзеге асырады;

4) өзге де мемлекеттік органдардың мұнай өнімдерін өндірудің және (немесе) олардың айналымының көлемі туралы мәліметтерді және өзге де қажетті ақпаратты біртұтас деректер базасына беру нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

5) ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу ережелерін әзірлейді және бекітеді;

6) декларацияларды табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

7) мұнай өнімдері өндірісінің ең төменгі көлемін белгілейді және мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымдарының шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты және басқа да шикізат көздері жеткізілімдерінің көлемдерін бекітеді;

8) мұнай өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдері өндірісінің ең төменгі көлемін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

9) өндіріс паспорты нысанын және оны толтыру тәртібін айқындайды;

10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша өндіріс паспортын бекітеді;

11) өндіріс паспортында көрсетілген мұнай және (немесе) газ өндіру ұйымдарындағы жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілу мерзімдерін келісуді және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

12) мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, мұнай өнімдерінің

экспорты мен импорты квоталарының экономикалық негіздемесін әзірлейді;

13) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру тәуекеліне талдау мен бақылауды жүргізеді;

14) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

15) мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.06 N 209 Заңдарымен.

6-бап. Мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген талаптарға мұнай өнімдерінің сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы техникалық реттеу және метрология жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асырады;

3) уәкілетті органмен келісе отырып, уәкілетті органға мұнай өнімдерін өндіру және өткізу көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есептеу аспаптарын қолданудың тәртібі мен талаптарын белгілейді.

2. алынып тасталды

3. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтем баждары ставкаларының экономикалық негіздемесін әзірлейді.

4. Алынып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 316 Заңымен.

5. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, көлік кешені қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мұнай өнімдерін тасымалдау кезінде тасымалдаушылардың технологиялық талаптарды қамтамасыз етуін бақылауды жүзеге асырады.

7. Осы бапта аталған мемлекеттік органдар, сондай-ақ кеден ісі жөніндегі

уәкілетті орган уәкілетті органға мұнай өнімдерін өндірудің және (немесе) олардың айналымының көлемі туралы мәліметтерді және өзге де қажетті ақпаратты біртұтас деректер базасына береді.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2006.12.06. N 209, 2007.07.27 N 316 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Уәкілетті органның мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

1. Уәкілетті орган мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бақылауды жүзеге асыру жөнінде бірлескен шаралар қолданады, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

2. Осы Заңды бұзу фактілері анықталған жағдайда уәкілетті орган тиісті мемлекеттік органдардың анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдануы үшін оларды бұл туралы жазбаша хабардар етеді.

8-бап. Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі қызметті лицензиялау

1. Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялауға жатады.

2. Мұнай өнімдерін өндіруге лицензияның қолданылуын Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру:

1) осы Заңның 9-бабында көзделген мұнай өнімдерін өндіру жағдайлары бұзылған;

2) осы Заңның 10-бабының 1-тармағында көзделген міндеттер орындалмаған жағдайларда мүмкін.

8-1-бап. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар

1. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы осы Заңның және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

2. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы техникалық реттеу объектілері: бензин, дизель отыны, мазут және шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өңдеу процестері, мұнай өнімдерін компаундирлеу,

сондай-ақ мұнай өнімдерінің айналымы болып табылады.

3. Мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы кезінде пайдаланылатын жабдықтар мен техникалық құралдар техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4. Өндірістік аймақтар мен үй-жайлардың ауа ортасында мұнай буларының шоғырлануы техникалық регламенттерде белгіленген шекті жол берілетін нормалардан аспауға тиіс.

5. Мұнай өнімдерін өңдеу, тасымалдау және тарату жөніндегі объектілерді жобалау және салу кезінде Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, қоршаған ортаны қорғау, өрт қауіпсіздігі туралы заңнамасының талаптары сақталуға және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелдері ескерілуге тиіс.

Ескерту. Заң 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.06 N 209 Заңымен.

9-бап. Мұнай өнімдерін өндіру жағдайлары

1. Мұнай өнімдерін өндіру:

- 1) лицензияда көрсетілген орналасқан жері бойынша;
- 2) тиісті техникалық регламенттерге және өлшем бірлігін қамтамасыз етуге сәйкес келетін жабдықта;
- 3) өндіріс паспорты болған жағдайда;
- 4) уәкілетті органға мұнай өнімдерін өндіру және өткізу көлемі туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есептеу аспаптары болған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Тиісті лицензиясы бар мұнай өнімдерін өндірушілер мен биоотын өндірушілерге ғана компаундирлеуге, мұнай өнімдеріне телімдерді, қоспалар мен компоненттерді енгізуге жол беріледі.

2-1 Мұнай өңдейтін зауыттар өндіретін мұнай өнімдері осы Заңда және техникалық регламенттерде белгіленген нормаларға сәйкес келуге тиіс.

3. Екі және одан көп өндірушілердің мұнай өнімдерін бір ғана жабдықпен өндіруіне тыйым салынады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.06 N 209, 2010.11.15 № 352-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Мұнай өнімдерін өндірушілердің міндеттері

1. Мұнай өнімдерін өндірушілер:

- 1) уәкілетті органның мұнай өнімдерін өндірудің ең төменгі көлемін қамтамасыз ету жөніндегі және (немесе) мұнай өнімдерін өндірудің ай сайынғы көлемін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын орындауға;
- 2) өзінің өндірістік қуаттары өндіріс паспортына сәйкес бір ай ішінде толық жүктелмеген жағдайда олардың шегінде шикі мұнайды және (немесе) газ

конденсатын өңдеуге қабылдауға;

2-1) мұнай берушіде иеленетін (қабылданатын) мұнайдың шығарылуының заңдылығын растайтын құжаттар болған кезде ғана оны өңдеу үшін иеленуге (қабылдауға) ;

3) өндірістік процесс қауіпсіздігіне төнген қатердің дереу алдын алу қажет болған жағдайларды қоспағанда, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің жылдық кестесін ағымдағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей уәкілетті органға бекітуге ұсынуға ;

4) техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға;

5) уәкілетті органға өндірілетін өнімнің көлемдері туралы, оның ішінде сатылатын мұнай өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда бағалары туралы ақпарат ұсынуға ;

6) уәкілетті органға мұнайды қайта өңдеу және мұнай өнімдерін өндіру жөнінде ай сайын есеп табыс етуге;

7) уәкілетті органмен мұнай өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылатын реагенттер (телімдер мен қоспалар) шығыстарының нормаларын жыл сайын келісуге ;

8) уәкілетті органға мұнай және мұнай өнімдерінің ысырап нормаларын жыл сайын бекітуге табыс етуге міндетті.

2. Мұнай өнімдерін өндірушілердің шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын өткізуді жүзеге асыруына тыйым салынады.

3. Мұнай өнімдерін өндірушілердің этилдендірілген бензин өндіруді жүзеге асыруына тыйым салынады .

4. Мұнай өнімдерін өндірушілерге уәкілетті органмен келіспей мұнай өнімдерінің жаңа түрлерін немесе олардың қоспаларын дайындауға тыйым салынады .

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.06 N 209, 2010.10.06 N 343-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.11.15 № 352-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын декларациялау мен олардың мониторингі

1. Мұнай өнімдерін өндіруді және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға өнім қалдығы мен (немесе) мұнай өнімдері айналымының көлемі туралы декларациялар табыс етуге міндетті.

2. Мұнай өнімдерін өндірушілер, мұнай берушілер мен мұнай өнімдері базаларынан өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар уәкілетті органға мониторингті жүзеге асыру үшін мәліметтер табыс етуге міндетті.

12-бап. Мұнай өнімдерін өткізу жағдайлары

1. Қазақстан Республикасының аумағында этилдендірілген бензиннің айналымына, сондай-ақ кондициялық емес мұнай өнімдерін өткізуге және оларды әрі қарай өңдемей сақтауға тыйым салынады.

2. Мұнай өнімдерін өндірушілердің, мұнай берушілердің, сондай-ақ автомобильдерге жанармай құю станцияларынан және мұнай өнімдері базаларынан өткізуді жүзеге асыратын тұлғалардың мұнай өнімдерін өткізуіне ж о л б е р і л е д і .

Мұнай берушілердің мұнай өнімдерін өндірушілердің есептеу аспаптары арқылы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтері сертификатталған автомобильдерге жанармай құю станцияларынан және мұнай өнімдері базаларынан мұнай өнімдерін өткізуіне ж о л б е р і л е д і .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

3-тармақтың бірінші бөлігі 2004.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Мұнай өнімдерін автомобильдерге жанармай құю станцияларынан және мұнай өнімдері базаларынан өткізуге компьютерлік есептеу жүйесі болған жағдайда уәкілетті органға мұнай өнімдерін сатып алу және өткізу көлемі туралы ақпаратты б е р е о т ы р ы п ж о л б е р і л е д і .

Халқының саны он мың адамға дейінгі елді мекендерде, ауылдық жерде (ауыл (село), сондай-ақ дала жұмыстарында ауыл шаруашылық техникасы шоғырланған орындардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде орналасқан автомобильдерге жанармай құю станцияларынан мұнай өнімдерін өткізуге мұнай өнімдерін сатып алу және өткізу көлемінің оңайлатылған есептеу жүйесі б о л ғ а н ж а ғ д а й д а ж о л б е р і л е д і .

4. Автомобильдерге контейнерлік үлгідегі жанармай құю станцияларынан мұнай өнімдерін өткізуге халқының саны он мың адамға дейінгі елді мекендерде, сондай-ақ ауылдық жерде (ауыл (село) ж о л б е р і л е д і .

Автомобильдерге жылжымалы үлгідегі жанармай құю станцияларынан мұнай өнімдерін өткізуге тек дала жұмыстарында ауыл шаруашылық техникасы шоғырланған орындардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде ғ а н а ж о л б е р і л е д і .

5. Мұнай өнімдерін өндірушілер мен мұнай өнімдері базаларынан өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар жыл сайын 1 наурыз - 31 мамыр және 1 тамыз - 31 қазан аралығындағы кезеңде ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне мұнай өнімдерін өткізу шарттарын жасасуға басымдық беруге міндетті.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.06 N 209 Заңымен.

13-бап. Мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеу

Мұнай өнімдерінің экспорты мен импортын реттеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оның ішінде акциздердің, кедендік, қорғау,

демпингке қарсы және өтеу баждарының ставкаларын, мұнай өнімдерінің импорты мен экспортына квоталарды бекіту (өзгерту) арқылы жүзеге асырылады.

14-бап. Мұнай өнімдерін тасымалдау жағдайлары

1. Мұнай өнімдерінің, қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын талаптарға және техникалық пайдалану ережелеріне сәйкес, арнайы жабдықталған және тасымалдауға рұқсат етілген көлік арқылы тасымалдануына жол беріледі.

2. Мұнай өнімдерін өндірушілер, мұнай берушілер мен мұнай өнімдері базаларынан өткізуді жүзеге асыратын тұлғалар мұнай өнімдерін көтерме және бөлшек саудамен өткізген кезде, мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде міндетті түрде ілеспе жүккұжаттар р е с і м д е л е д і .

3. Мұнай өнімдерін тасымалдауға байланысты құжаттар қауіпті жүктерді тасымалдау үшін көліктің әрбір түріне белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

4. Мұнай өнімдерін сақтау және тасымалдау құралдарының конструкциясы және оларды пайдалану шарттары техникалық регламенттердің талаптарына с ә й к е с б о л у ғ а т и і с .

5. Мұнай өнімдерін тасымалдау мұнай өнімдерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс, олардың шығындары белгіленген шекті нормадан аспауы керек.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2006.12.06 N 209 Заңымен.

15-бап. Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауапты болады.

16-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң, 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 12-баптың 3-тармағының бірінші бөлігін қоспағанда, 2003 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*